



### КЕЛЕШЕҒІНДІ ОЙЛАСАҢ, АНИМАЦИЯҢДЫ ТҮЗЕ!

6-БЕТ | МӘСЕЛЕ



### ЖАТАҒАН ҮЙЛЕР ЖАҒДАЙЫ...

7-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



### ШЫРАҒЫҢ СӨНБЕСІН...

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

## ПАРЛАМЕНТТИҢ АЛҒАШҚЫ СЕССИЯСЫ 29 НАУРЫЗДА ӨТЕДІ

Мемлекет басшысы сегізінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламентінің бірінші сессиясын шақыру туралы Жарлыққа қол қойды. «Сегізінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламентінің бірінші сессиясы 2023 жылғы 29 наурызда сағат 10.00-де Астана қаласында шақырылсын» делінген құжатта.

№36

(4469)

Сейсенбі  
28 наурыз  
2023 жыл



# ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы


1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## ҰТЫЛЫП ТҰРЫП, ҰТТЫҚ!

Футболдан Қазақстан ұлттық құрамасы ФИФА рейтингінде 18-орында тұрған, кезінде Еуропа чемпионы болған Дания құрамасын ұтты. Ұтқанда 0:2 есебімен ұтылып тұрып, жеңісті жұлып әкетті! Әлемдік ақпарат көздері 2024 жылы өтетін Еуропа чемпионатының іріктеу кезеңінің екінші турында Қазақстан футболшылары сенсация жасады деп жарыса жазып жатыр. Келесі үшінші турдың ойынын Қазақстан құрамасы 16 маусымда сырт алаңда ойнайды. Қарсыласы – Сан-Марино.

8



## ЕЛОРДАНЫҢ ТАЗАЛЫҚ ДӘСТҮРІ

Көктем шыға қала аумағын ретке келтіріп, көшелер мен аулаларды тазалап ұстау – елордада қалыптасқан үрдіс. Жаңа апта басталғалы Астанада күн жылынып, жер аяғы кеңіді. Ауа райының қолайлылығын пайдаланып, жылдағы қалыптасқан дәстүр бойынша елорданың коммуналдық сала қызметкерлері айналаны тазалау жұмыстарына қызу кірісіп кетті.


4

Whoosh кикшерингтік сервисінің электрсамокаттары елорда көшелерінде пайда бола бастады. Қазір виртуалды автотұрақтарда 500-ден астам самокат бар.

## КӨКТЕМ КЕЛДІ, ЭЛЕКТРСАМОКАТ ДАЙЫН

Елордада қысқы демалыстан кейін Whoosh кикшерингтік сервисі өз жұмысын қайта бастады. Жаңа маусымда мобилді қозғалыс құралдарының танымалдылығы артқанына байланысты электрсамокаттар паркі 35 пайызға ұлғайтылады.

Компания ауа райының жылынғанын ескеріп, құрылғылардың санын көбейтуді жоспарлап отыр. Whoosh сервисінің негізін қалаушы және бас директоры Дмитрий Чуйконың сөзінше, жаңа маусымда Whoosh 2600-ден аса электрсамокатты қолданысқа береді.



## ПАРТИЯЛАР МАНДАТЫ БӨЛІНДІ

Орталық сайлау комиссиясы ҚР Парламент Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауының түпкілікті қорытындысын шығарды.

- Дауыс беру нәтижесі мынадай:
1. Аманат партиясы – 53,90% немесе 3 431 510 адам дауыс берді;
  2. «Ауыл» халықтық-демократиялық партиясы – 10,90% немесе 693 938 адам дауыс берді;
  3. Respublica партиясы – 8,59% немесе 547 154 адам дауыс берді;
  4. Қазақстан халық партиясы – 6,8% немесе 432 920 адам дауыс берді;
  5. «Байтақ» жасылдар партиясы – 2,30% немесе 146 431 адам дауыс берді;
  6. «Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясы – 8,41% немесе 535 139 адам дауыс берді;
  7. Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы – 5,20% немесе 331 058 адам дауыс берді;
- «Бәріне қарсымын» бағаны – 3,90% немесе 248 291 адам дауыс берді.

## МӘЖІЛІСТЕ 6 ПАРТИЯ ҚАНША МАНДАТ АЛДЫ?



qazaqstan.tv

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 490.35 \$ USD/KZT 457.29 ₸ RUB/KZT 5.97 ¥ CNY/KZT 66.5

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz





## ӨНІРАРАЛЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ ТЕРЕҢДЕЙ ТҮСЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҚКП ОК Саяси бюросының мүшесі, ҚХР Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы ҚКП партия комитетінің хатшысы Ма Синжуйді қабылдады. Әңгімелесу барысында өңіраралық ынтымақтастықты дамыту мәселесіне назар аударылды. Қазақстан Шыңжаң өлкесімен өнеркәсіп, көлік, логистика, ауыл шаруашылығы және туризм секілді көптеген бағыт бойынша табысты қарым-қатынас жасап отыр.

Кездесуде Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Қытаймен стратегиялық серіктестік пен мәңгілік достық рухында жан-жақты ынтымақтастықты тереңдетуге баса мән беретінін айтты. Мемлекет басшысы екі ел арасында барлық деңгейде белсенді әрі сенімді саяси диалог қалыптасқанына тоқталып, ҚХР-ды Қазақстанның басты сауда серіктестерінің бірі ретінде атап өтті. «Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпин мырзаның былтыр қазан айында Қазақстанға жасаған сапары өте сәтті болғанын айтқым келеді. Бұл COVID пандемиясы салдарынан болған ұзақ үзілістен кейінгі

бірінші сапар екенін атап өттік. Біз өте маңызды келісімдерге қол жеткіздік. Екі елдің үкіметтері мен тиісті аймақ басшыларына ең жоғары деңгейде қол жеткізген уағдаластықтарды табысты жүзеге асыру міндеті жүктелді» деді Президент.

Өз кезегінде Ма Синжуй қонақжайлық көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің сәлемін жеткізді. «Менің сапарымның негізгі мақсаты – ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин мен Сіздің араңыздағы маңызды стратегиялық келісімдерді жүзеге асыру. Біз Қытайдың бір өлкесі ретінде еліміздің

батысындағы мемлекеттермен қарым-қатынастарды нығайтуға жауаптымыз. Қазақстан – біз үшін өзара ынтымақтастықтың басым бағыты. Жалпы, Қытай мен Қазақстанның ынтымақтастығы Шыңжаң арқылы жүзеге асырылады» деді Ма Синжуй.

Кездесу соңында Президент Шыңжаң басшысының Қазақстанға сапары өңіраралық байланысты тереңдетіп, оның бағыт-бағдарын нақтылай түсуге тың серпін беретініне назар аударды. Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев Си Цзиньпиннің ҚХР Төрағасы болып қайта сайлануына байланысты оған ізгі тілегін жолдап, сәттілік тіледі.

## СПОРТШЫНЫ ЖЕҢІСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев аралас жекпе-жек шебері Шавкат Рахмоновты қабылдады. Президент даңқты спортшыны таяуда Лас-Вегас қаласында өткен UFC турнирінде жеңіске жетуімен құттықтады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Шавкат Рахмонов секілді мықты атлеттердің жеңіске деген ерік-жігері мен жетістігі өскелең ұрпақты жігерлендіретінін, салауатты өмір салтын

ұстануға ынталандыратынын айтты. Сонымен қатар Президент спортшының алдағы уақытта биік белестерді бағындыра беруіне тілектестік білдірді. Өз кезегінде Шавкат

Рахмонов арнайы қабылдағаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты. Сондай-ақ ол жанкүйерлердің үмітін ақтап, еліміздің мерейін асқақтата беретінін жеткізді.



## АССАМБЛЕЯ СЕССИЯСЫ ӨТЕДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: бірлік, тұрақтылық, даму» атты тақырыпта өтетін Қазақстан халқы Ассамблеясының кезекті XXXII сессиясын шақыру туралы өкімге қол қойды. Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXII сессиясы 2023 жылы 26-27 сәуір күндері Астана қаласындағы Бейбітшілік және келісім сарайында өтеді.



## ЕЛОРДАДА КОНДИТЕР ФАБРИКАСЫ АШЫЛАДЫ

Елордада әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің бағасын төмендету бойынша жұмыстар жалғасып жатыр. Ең бастысы, қала тұрғындарын сапалы отандық азық-түлікпен қамтамасыз ету мүмкіндігін жасау. Бұл туралы қалалық коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихаты барысында Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы басшысының орынбасары Мақсат Жанабаев мәлімдеді.

Бүгінгі таңда агроөнеркәсіптік кешен саласында атқарылып жатқан жұмыстар жетерлік. Басқарма басшысы орынбасарының айтуынша, инвестициялардың жалпы сомасы 88,3 млрд теңгені құрайтын 22 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда.

Жалпы инвестициясы 18,35 млрд теңгені құрайтын 72,3 мың тонна дайын өнімді, атап айтсақ, ет комбинаты, нан зауыты, жартылай фабрикаттар, ұн және кондитерлік өнімдер және т.б. шығару және қайта өңдеу бойынша өндірістік кешендердің құрылысы бойынша

8 инвестициялық жоба жүзеге асырылып жатыр.

– «Kazakh Invest» компаниясымен бірлесіп отырып кондитерлік фабрианың құрылысына шетелдік инвесторды тарту жұмыстары жүргізілді, бұл Польшаның Stokson компаниясы, жобаның жалпы құны шамамен 5 млрд теңге. Жалпы сомасы шамамен 30 млрд теңгені құрайтын 2 КТО (45 мың ш.м.), 2 млрд теңгені құрайтын 1 қойма кешені (9,5 мың ш.м.), сондай-ақ 2,85 млрд теңге сомасына 3 көкөніс қоймасы (14 мың тонна сақтау) салу бойынша инвестициялық жоба



лар жүзеге асырылуда. Жалпы инвестиция сомасы 22,7 млрд теңгені құрайтын жылдық құаты 14 мың тонна 2 жылыжай кешенін салу жүргізіліп жатыр, – деді Мақсат Жанабаев.

Ақмола облысының өндірушісімен бірлесіп «AQMOLO FOOD» ЖШС елордамызда 2,6

млрд теңге сомасына 4 жыл бойы жүргізілетін жәрмеңкені ашу бойынша инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда. Осы жыл бойы жүргізілетін жәрмеңкеде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдері «егістіктен сөреге дейін» қағидасы бойынша сатылатын болады.

Инвестицияның жалпы сомасы 9,8 млрд теңгені құрайтын 2 базардың құрылысы жүргізілуде.

– «Айналым тетігі» аясында бюджеттен 14 млрд теңге бөлінді. Барлық әлеуметтік маңызы бар азық-түліктің 19 түрі бойынша 35 мың тонна жеткізуге келісімшарт жасалды. Қолданыстағы шарттар бойынша 10 мың тонна көкөніс қоры бар. Мәселен, картоп – 6 006,2 тонна, сәбіз – 1 398,9 тонна, пияз – 1 761 тонна, қырыққабат – 1 292,2 тонна. Мамыр-маусым айларына 1 800 тонна, нақтырақ айтсақ, картоп – 812 тонна, пияз – 410, сәбіз – 340 және қырыққабат 265 тонна көлемінде импорттық көкөністерді жеткізуге келісімшартқа қол қою жоспарланып отыр, – деді басқарма басшысының орынбасары.

Елорданы қантпен қамтамасыз ету мақсатында Меркі зауытымен көлемі 3,5 мың тонна 1,6 млрд теңге сомасына қантты жеткізу шартына қол қойылды.

Азық-түлік корпорациясы арқылы 1 сортты арзандатылған ұнды сату бойынша көлемі 5

338 тонна астықты жеткізуге меморандум жасалды.

Сауран 7, Қосшығұлды 14 мекенжайы бойынша елордалық және өңірлік тауар өндірушілердің қатысуымен қала аумағында қалалық ауыл шаруашылығы жәрмеңкелерін өткізу жұмыстары жалғасуда. Барлық өнімдер нарықтағы бағадан 10-15% төмен бағада сатылып жатыр.

Сонымен қатар, ағымдағы жылы «Шарын» жаңа базарымен бірлесіп, мына 3 мекенжай бойынша жәрмеңке өткізіледі: Дүкенұлы көшесі, 31/1 (Әсем базарының тұрағы), Жеңіс даңғылы, 66а (Aqmol Food), Есенберлин көшесі, 25 (ғимарат алдындағы тұрақ). Өнімдер тікелей өндірушіден көтерме бағамен сатылуда.

– Тұрақты негізде баға белгілеудің бүкіл тізбегі бойынша делдалдық схемалардың Өңірлік комиссиясының отырысы өткізіледі. Жыл басынан бері осындай 21 отырыс, оның ішінде 9 көшпелі отырыс өткізілді. Көшпелі кеңес барысында қаланың сауда объектілерінде сауда үстемесінің 15%-ын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді, – деді Мақсат Жанабаев.

### ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

**Гондурас Тайваньмен арадағы дипломатиялық қатынасын тоқтатты.**

Елдің Сыртқы істер министрлігі Қытай Халық Республикасын ғана заңды билік деп танитынын атап өтті. Бұған дейін Гондурас Президенті Сиомара Кастро Бейжіңмен байланыс орнатуға дайын екенін айтқан болатын. Ізінше тараптар дипломатиялық қатынас орнатты. Екіжақты байланыс туралы келісім бекітілді. Ал мұнан кейін Тайваньның сыртқы саясат басқармасы Гондураспен дипломатиялық қатынасын үзіп, бұл елде елшілігінің жабылатынын мәлім етті.



**Израильде ереуілдер өршіп тұр.**

Тель-Авивте мыңдаған адамның қатысуымен тағы наразылық шарасы өтті. Кей аудандарда ашуға ерік берген жұрт полициямен қақтығысқан. Халық сот реформасына қарсылық білдіріп, мемлекет басшысының саясатын сынға алып отыр. Сарапшылар сот жүйесіндегі жаңа өзгерістер, мемлекеттің егемендігіне нұсқан келтіреді деп дабыл қағуда. Дүйім жұрт үкіметке қарсы жазбалары бар плакаттар ұстап, түрлі ұрандар айтты.



**Миссисипи штатында торнадо салдарынан ондаған адам қаза тапты.**

АҚШ-тың Миссисипи штатында алапат құйын соғып, 23 адам қаза тапты. Тағы ондаған тұрғын жарақат алды. Табиғат апатынан әсіресе Силвер сити мен Роллинг-форк қалалары қатты зардап шекті. Аумағы 1 шақырымдай болатын торнадо сағатына 80 шақырым жылдамдықпен соғып, жолындағы үйлер мен ғимараттарды тас-талқан етті. Кей мекендерде электр желісі істен шыққан. Қазір аймақта табиғат апатының салдарымен күрес жүріп жатыр.





## ҚАЙ КӨШЕЛЕР АЛДЫМЕН ЖӨНДЕЛЕДІ?

Елордада ең алдымен, қозғалысы қарқынды, жаңа әлеуметтік нысандары (кірме жолдар) бар көшелер мен орындар жөнделеді. Бұл туралы Астана әкімі Жеңіс Қасымбек мәлім етті.

«Көктем мезгілінің басталуымен кейбір көшелерде асфальт қармен бірге ағып кеткендей әсер қалдырады. Жолдардың бәрі дерлік сапалы салынбаған. Тұрғындар тарапынан да шағымдар түсіп жатыр. Жауапты басқарма жол қызметкерлерімен бірлесіп жөндеуден өтетін жолдар мен көшелердің сапасын әрі ұзаққа шыдамдылығын қамтамасыз етуі керек. Өтініштерді ескере отырып,

көшелер тізімін жаңарту қажет. Ең алдымен, қозғалысы қарқынды, жаңа әлеуметтік нысандары (кірме жолдар) бар орындарды жөндеу қажет» деді қала басшысы.

Сондай-ақ Ж.Қасымбек жаңадан салынып жатқан аудандарда инженерлік инфрақұрылымы мен үйлердің құрылысы біткеннен кейін ғана жолдары салынатынын жеткізді. «Сол сияқты елді мекендерде

бұрын мүлдем асфальтталмаған көшелер де бар. Ал жаңадан салынып жатқан аудандарда инженерлік инфрақұрылымы мен үйлердің құрылысы біткеннен кейін ғана жолдары салынады. Оған дейін уақытша төсеммен қамтамасыз ету қажет. Жол жұмысының маусым қысқа. Сол себепті уақыт та тымғыз. Біз сапасыз орындалған жұмыстарды қабилдамаймыз» деп ескертті әкім.

## ОҚУШЫЛАР ОЛЖАСЫ – 50 МЕДАЛЬ

Шымкент қаласында өткен жалпы білім беретін пәндер бойынша оқушылардың республикалық олимпиадасының қорытынды кезеңінде астаналықтар 50 медаль олжалады.



Астана қаласынан жаратылыстану-математика бағыты бойынша (9-11 (12) сыныптар) 70 оқушы бақ сынады.

Елордалық жас зияткерлер 50 жүлделі орынға ие болып, білім дең-

гейлерінің жоғары екенін кезекті рет дәлелдеді. Атап айтқанда, Астана қаласының қоржынында 7 алтын, 18 күміс және 25 қола медаль бар.

Елордалық оқушылардың олимпиададағы жақсы көрсеткіштері жыл

сайын көбейіп келеді. Биылғы жылы талантты оқушылардың олимпиадада қол жеткізген жүлделерінің көрсеткіші 72 пайызды құрады. Ал өткен 2021-2022 оқу жылында бұл көрсеткіш 50 пайыз болатын.

## АСТАНАДА АУА РАЙЫ ҚАНДАЙ?

Синоптиктер 28-31 наурыз аралығында Астана қаласындағы ауа райы болжамын ұсынды.



Астанада 28 наурыз – көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз болады. Түнде және таңертең тұман. Оңтүстіктен 2-7 м/с жел соғады. Ауа температурасы түнде -1-3 аяз, күндіз +12 жылынады.

29 наурызда таңертең қаланы тұман басады. Оңтүстік-шығыстан соғатын жел солтүстік-шығысқа ауысады, күндіз 9-14 м/с жел соғады. Ауа температурасы түнде 0-2, күндіз +10+12 жылы болады.

30 наурызда күн ептеп суытады. Солтүстік-шығыстан 9-14 м/с жел соғады. Ауа температурасы түнде -2-4 аяз болса, күндіз +2+4 жылы болады.

Норвегияда мемлекеттік қызметкерлерге жұмыстағы құрылғыларда TikTok пен Telegram қосымшаларын орнатуға тыйым салынды.

Тиісті шешімді Әділет және қоғамдық қауіпсіздік министрлігі қабылдаған. Оған қоса, министрлік нұсқауында сақтық ережелерінің күші тарайтын жекеменшік компаниялардың да қызметкерлері осы бағдарламаларды пайдаланудан бас тартқаны жөн делінген. Дегенмен бұл қосымшалар қажет болған жағдайда, оны бөлек құрылғыға орнатып қолдануға болады.



Лондонда әлемге әйгілі апалы-сіңлілі Нақыпбековалар туралы «Еркіндікке жол» деректі фильмінің тұсаукесері өтті.

Туындыда классикалық өнердің әлемге әйгілі өкілдері, қазақтың музыкант қыздарының таңдыры туралы сыр шертіледі. Апалы-сіңлілі Нақыпбековалар – әлемдегі ең үздік фортепианолық трионың бірі. Эльвира – скрипкада, Элеонора – фортепианода, ал Альфия виолончельде ойнайды. Қарағандыда туып, музыкалық білім алған музыканттар кейін Мәскеуде консерваторияда оқып, халықаралық байқауларда үздік танылған.

## 104 КАНДИДАТТЫҢ ЖАРНАСЫ ҚАЙТАРЫЛАДЫ

Бірмандатты округтен сайлауға түскен 266 үміткер 5 пайыздан аз дауыс жинады. Бұл туралы Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Сәбила Мұстафина мәлім етті.

«Бірмандатты округтер бойынша Мәжіліс сайлауына қатысқан 370 кандидаттың 104-іне сайлау жарнасы қайтарылады. Қалған 266 үміткер 5%-дан аз дауыс жинады. Сайлау жарнасы екі партияға да қайтарылады. Олар – Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы мен Respublica партиясы. Ал «Байтақ» жасылдар партиясы межелі дауысты жинай алмады. Қалған партиялар

Конституциялық заңның 88-бабына сәйкес, сайлау жарнасын енгізбеді. Өйткені олар бұрын Мәжіліс сайлауына қатысқан және 5 немесе одан да көп пайыз дауыс жинаған. Сондықтан олар сайлау жарнасын төлемейді» деді ОСК мүшесі.

Айта кетейік, бірмандатты округтер бойынша Мәжілістің мандатына үміткерлер 1 млн 50 мың теңге мөлшерінде сайлау жарнасын төлеуі тиіс.



## «ШӘКӘРІМ ОҚУЛАРЫ» ӨТТІ

Елордада Шәкәрім Құдайбердіұлының 165 жылдығына орай ұйымдастырылған республикалық байқау аяқталды. Жеңімпаздарға демеушілер есебінен бағалы сыйлықтар табысталды.

2000-нан аса оқушы қатысқан сайыс бір айға созылды. Алдымен аймақтарда іріктеу кезеңі өтті. Мұнда топ жарған 22 оқушы жарыстың жартылай финалына жолдама алды. Кейін олардың арасынан тағы 11-і іріктеліп, ақтық сынға өткен еді. Шараның мақсаты – оқушыларды Шәкәрім Құдайбердіұлының мұрасымен танысуға, оны әрі қарай зерттеуге ынталандыру. Мұнда қатысушыларға ақынның 20 өлеңі жаттауға берілді. Жеңімпаздарға демеушілер есебінен бағалы сыйлықтар табысталды.

«Балалардың жас ерекшелігіне қарай Ш.Құдайбердіұлының 20 өлеңін таңдап бердік. Оқушылар тек бір өлеңді ғана айтпайды, сайыс барысында олардан кез келген жерінде тоқтатып, жаттауы тиіс өлеңдер сұралады. Байқауға қатысушы осылайша Шәкәрімнің өмірі, шығармашылығы туралы міндетті түрде білуі қажет, өйткені бала өлеңнің мағынасын терең түсініп, бойына сіңіргені маңызды» дейді Ұлттық академиялық кітапхананың директоры Ғазиза Құдайбергенқызы.

АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

## ӘДЕПТЕН ОЗБАЙЫҚ!

Жалпы қазақы болмысымызда «сіз-біз» дескен деген ұғым бар. Бұл белгілі бір қоғамда жалпыға ортақ әдеппен сөйлесудің жөнін білдіреді. Қазіргі «бәрі қазақша сөйлесін» деген ұранның аясында көпшілік жерде, қоғамдық ұйымдарда қалай «сіз-біздесуді» естен шығарып, беттен алуды әдетке айналдырып бара жатқан сияқтымыз.

Айгүл УАЙС

сөз қайда қолданылып, қай жерде айтылатынынан бейхабар.

Мысалы, базардан бастап сапаржай, емханалар, аурухана тіпті, ірілі-ұсақты мекемелердің есігінде отырған күзетші де ыңғайы келсе өзінің кісі екенін білдіріп, ірі сөйлеуге бейім тұрады. Сол мекемелермен телефонмен байланыссаң да, ар жағында қазақша айтқанда, беттен «жұлып» алғандай сұрағыңа жауап естігенде, есеңгіреп қаламыз.

Өзіме де керекті осы ма деп ойланп қаласың. Бәрі жөн, қазақша сөйлеп тұр. Бірақ бұл қазақшаның ауызекі көшеде айтылатын, қоғамдық орындарда айтылмайтынын екінші бірі түсіне бермейді. Түсінбеген соң жөні осы деп тартынбайды, түсінген жан қапаланып тілін тістейді. Денгейі төмен, ізденісі аз қазақтың мәдени, әдеби тілінен хабары жоқ болғандықтан, ауызекі сөзді қоғамдық орындардың қарым-қатынас тіліне айналдырып жібереді.

Қазақ тіліміздің мәртебесі үшін деп көз жұмып қарауға болмайды. Барлық жағдайға арналған, ойын майдалап жеткізетін сөз мәйегін неге қолданысқа енгізбеске? Үйретсе, талап етсе, қолданар еді ғой.

Меніңше, білмегеннен от басады. Бұрынғы қазақ тілінің әртүрлі қолданысын жақсы білгендердің соңы қазір зейнетте. Олардың орнын тоқсаныншы жылдардан бері қарай жетілгендер басты. Олардың балаларының да қолы үлкенді-кішілі қызмет атқарып, халықпен араласып жүр. Бұл ұрпақ та қазақ тілінің мәйегіне де «уызына» қаныққан жоқ. Қай

Одан соң «қазақша сөйлесін» деп қолтығына су бекітіп, қоллаштып қойған соң не сұрайсыз?! Тіл біл дегенде былдырай бер дегеніміз емес болар. Адамзатқа тән үрдіс, әдеп бар. Оны естен шығаруға ешкім рұқсат берген жоқ.

Кісінің сұрағына ізеттілікпен жауап беріп, сіз-біз дескеннен ұтылмаймыз. Қарапайым ибалы мінез-құлық ережелерін сақтау кішілікке, биік мәдениетке жетелейді. Сондай ортада өзіміздің жақсы жағымды асырып, жаманымды жасырып, өзімізбен бірге өзгені де жайлы сезінуіне ықпал етеміз.

Бұл этикет деген ұғымның да шеңберіне сияды. Еске сала кетсем, бұл француздардан жетіпті.

Людовик XIV тұсында қабылдауына келген қонақтардың ұстануы тиіс ережелері жазылған қағаз ұстатады екен. Осылайша бергін келе сот, әскери, дипломатиялық әдеби қалыптасқан. Мұнда қойылатын талап сәйкестік талаптары өте жоғары. Ол мүмкін өз орнында қолданылып та жүрген шығар. Зайырлы этикет бар, адамдардың қарым-қатынасының әртүрлілігіне қарай әрбір нақты жағдай үшін өз ережелері бар. Мәселен, «іскерлік этикет» және «корпоративтік этика» ұғымдары кеңінен тарады. Бұлардың бәрі белгілі бір әлеуметтік тәжірибені, моральдық идеяларды және талғамдарды топтастырады. Орган белінде темірқазығы сөйлеу мәнері мен әдеби жатыр. Ол ақсаған сайын сөйлеу мәдениетіміз кері кетіп барады...



№36 (4469) 28/03/2023 Сейсенбі

## ЕЛОРДАНЫҢ ТАЗАЛЫҚ ДӘСТҮРІ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Астанада көктемгі санитарлық тазалық жұмысы басталды. Бұл іске 2000-ға жуық жұмысшылар, 500-ден астам техника жұмылдырылды.

Қаланы қыстан қалған күл-қоқыстан тазартып, барлық аудан аумақтарында қоршаулар мен саябақтар, гүлзарлар мен

алаңдар, аулалар және адам көп жиналатын өзге де орындар тазаланып, жуылуда.

Алматы ауданында қысқы ластанудан кейін орталық көшелерді, тротуарларды, аялдамаларды, көпірлерді, жарықтандыру тіректерін, қоршауларды және жалпы пайдалану орындарын тазалау және жуу бойынша жоспарлы жұмыстар толық

қарқынмен жалғасуда. Бүгінгі таңда аталған жұмыстарға 140 бірлік арнайы техника мен 629 жол жұмысшысы қатысты. Арнайы техникалардың көмегімен тротуарлар мен жол төсемдерін механикалық тазалау жұмыстары жүргізілуде.

Жұмысшылар күн сайын көгалдарды қоқыстан тазалап, жолдың жиектерін қолмен және

техниканың көмегімен тазартылып жатыр. Бұл ретте негізгі күш еріген суларды бұруға және айдауға бағытталады. Сондай-ақ апатты және қураған ағаштарды тәждеу және көгалдарды тырмалау жұмыстары жалғасуда.

Осылайша, аталмыш ауданының коммуналдық қызметтері алдымен аудан аумағындағы көпірлерді, одан соң ауданға көрік беріп тұрған белгілі тұлғалардың ескерткіштерін тазалап жууды қолға алды. Гүлзарлар, көлік жүретін және жаяу жүргіншілерге арналған жолдар тазартылып, аялдама павильондарын, жол белгілерін жуып, қоқыс жәшіктері мен орындықтар сырланды. Аталмыш аудан аумағында орналасқан саябақтар мен аулалар күл-қоқыстан тазартылып, ағаштарды кесу жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ ағаштардың түбін қопсыту, қурап қалған бұталарды кесу және т.б. жұмыстар жүріп жатыр. Бұл ағаштың қурап қалмауы үшін жасалады.

Бүгінгі таңда санитарлық тазалау жұмыстары елорданың барлық ауданында жүргізілуде.

## СУ БАСҚАН ЖАҒДАЙДА ҚАЙДА ХАБАРЛАСУ КЕРЕК?

Елорданың барлық аудандарында көктемгі су тасқынының алдын алу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Су тасқынына қарсы іс-шаралар барысында қала аумағынан 3,8 млн текше метрден астам қар шығарылды.

Қардың еруі, жаңбыр салдарынан немесе су өткізуші бөгеттердің бітелуі салдарынан өзен, көлдердің су мөлшері көтеріліп, аумақтарды су басып қалуының алдын алу мақсатында Астанада 48 мың

кубо метрден астам арық-науа желілері тазартылды, сондай-ақ 5 мың метрден астам құбырлар буландырылды. Үй маңындағы аумақты қардан уақтылы тазарту туралы жеке сектор тұрғындарымен түсін-

діру-алдын алу жұмыстары жүргізілуде.

Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаменті мамандарының хабарлауынша, елордадағы су тасқыны қаупі бар орындардың саны өткен жылдармен салыстырғанда азайды. Азаматтық қорғау органдары, коммуналдық қызметтер елорданың су тасқыны қаупі бар учаскелерін үнемі бақылауда ұстап келеді, инертті материалдар қоры дайын.

Жалпы, су басқан жағдайда

Астана аумағында құрылған аудандық су тасқыны комиссияларына хабарласуға болады. Олардың байланыс нөмірлері:

- Алматы ауданы: 8-707-845-68-89;
- Байқоңыр ауданы: 8-708-205-05-56, 8-700-700-06-55;
- Есіл ауданы: 8-778-455-89-69, 8-701-999-76-92, 8-708-886-64-40;
- Сарыарқа ауданы: 8-777-570-57-08, 8-701-527-98-99, 8-778-047-30-06.

## ЕРЕКШЕ ЖАНДАРДЫ ҚОЛДАУ – ҚОҒАМ МІНДЕТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мүмкіндігі шектеулі азаматтардың өмірін жақсарту туралы заңға қол қойғаннан бері елімізде барлық деңгейдегі әкімдіктер жанынан аудан, облыс және қала әкімдерінің инклюзия мәселелерімен айналысатын штаттан тыс кеңесшісі тағайындалды. Өзі қоларбаға таңылса да, салауатты өмір сүруді бір сәтке де тоқтатпаған осындай белсенді жандардың бірі – Астана қаласындағы Сарыарқа ауданы әкімінің кеңесшісі, Elaman әлеуметтік инновациялық жобалар қорының мүшесі Жанат Қабдолла.

Мүмкіндігі шектеулі жандардың құқығы мен әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету – мемлекеттің әлеуметтік саясатының маңызды бағыттарының бірі. Жанат Қабдолла өткен жылдың 13 шілдесінен бері осы аудандағы мүмкіндігі шектеулі жандардың мәселесімен айналысып келеді. Ай сайын төрт рет, сәрсенбі күндері аудан аумағындағы ерекше қажеттілігі бар азаматтарды жеке қабылдап, толғандырған мәселелерді мұқият тыңдап, қолдан келгенше оларды дер кезінде шешуге атсалысады. Өйткені мұндай жандардың мұң-мұқтажын Жанат жақсы біледі.

– Жеке қабылдауыма келген тұрғындардың барлығы дерлік баспана мәселесін, мүгедектігі бар адамдар үшін аула аумақтарында пандустың жоқтығын, көшедегі кедергілерді алға тартады. Бұл ретте біз мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін қала көшелері мен нысандарының қолжетімділігін тексереміз. Осылайша, өткен жылы теміржол вокзалында, мектептерде, әлеуметтік нысандарда тексеру жүргізілді. Кейбір мәселелер бойынша ескертулер жасалды, ұсыныстар берілді. Түзету жұмыстары әлі де жүріп жатыр, – деді Жанат Қабдолла.

Мүмкіндігі шектеулі азаматтардың

мәселелері оған жете таныс. Әсіресе, ерекше қажеттілігі бар әйелдер мен балаларға оңай емес. Олар да қоғамның басқа мүшелері секілді жұмыс істеп, еңбек еткісі, тіпті жақсы өмір сүргісі келеді. Ол үшін мұндай жандарға кедергісіз жайлы орта қалыптастыру қажет.

Бүгінгі таңда Астанада 32 200-дей мүмкіндігі шектеулі азамат бар. Бұл ретте әлі де шешімін күткен мәселе көп. Мысалы, Сарыарқа ауданындағы тұрғын үйлердің дені ертеде салынған ескі болғандықтан, ондағы лифтілер тым тар, ерекше қажеттілігі бар адамдардың көбі оны өз бетімен шақырта алмайды.

– Иә, лифтілер проблемасы – бұл өте маңызды мәселелердің бірі. Ауданымызда өткен ғасырдың 50-60-жылдары салынған көне үйлер бар, олардың лифтілері тым тар, мүмкіндігі шектеулі адамдардың кіріп-шығуына өте ыңғайсыз, кейде тіпті оған сыймай қалатын кездер де болады. Егер мұндай ескі ғимараттарда мемлекеттік мекеме орналасса, тек бірінші қабатта болуы керек деп ойлаймын. Ерекше қажеттілігі бар азаматтар үшін барлық жерде тең және жайлы орта қалыпта-сып, олардың жүріп-тұруына ыңғайлы



болуы керек, – деді Сарыарқа ауданы әкімінің кеңесшісі.

Инклюзивті білім беру мәселесін ел Президенті 2021 жылдың маусым айында бекітті және мектептерде мүмкіндігі шектеулі балаларға барынша жағдай жасалып, арнайы орталықтары ашылды. Дефектолог мамандар, педагогтар қайта даярлаудан өтуде.

– Қалада ерекше қажеттілігі бар оқушыларға арналған мектептер бар, бірақ мұндағы пандустар, қоңырау түймелері дұрыс орнатылмаған. Біз оған мектептерге мониторинг жүргізу барысында көз жеткіздік. Алдағы уақытта жағдай түзеледі деген үміттеміз. ҚР Білім және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, 2025 жылға қарай еліміздегі мектептер мен балабақшалар толықтай және жоғары оқу орындары мен колледждердің 70%-

ы инклюзивті білім беруге көшеді. Сол үшін қазірден бастап мүмкіндігі шектеулі жандарға тиісінше жағдай жасалуы тиіс, – деді Ж.Қабдолла.

Әкім кеңесшісінің айтуынша, елордада мүмкіндігі шектеулі азаматтарға түрлі салаларда жеңілдіктер қарастырылған. Біріншіден, мүгедектігі бар адамдар жәрдемақы түрінде мемлекеттік көмек алады. Жыл сайын техникалық құралдармен, қолбалармен, күтім құралдарымен қамтамасыз етіледі. Әлеуметтік көмекші құқығы, сондай-ақ мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған отбасыларға жәрдемақы түрінде көмек те қарастырылған. Мүмкіндігі шектеулі азаматтардың мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуға құқығы бар және олар санаториялық-курорттық емдеуді жылына бір рет тегін рәсімдей алады. Ол портал арқылы беріледі.

Елордалық қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы стихиялық қоқыс үйінділерінің пайда болу ауқымын азайту үшін құрылыс қалдықтарын қабылдау және қайта өңдеу бойынша санкцияланған алаңды іске қосты.

## ҚҰРЫЛЫС ҚАЛДЫҚТАРЫН ҚАБЫЛДАЙДЫ

Алаңда бетон, кірпіш, асфальт, темірбетон және қатты құрылыс қалдықтарының өзге де түрлері қабылданады.

рын қабылдау 1 тонна үшін 1300 теңге тариф бойынша жүргізіледі.

Қала тұрғындары (жеке тұлғалар) күнтізбелік жыл



Экологиялық кодекстің 376-бабына сәйкес құрылыс қалдықтары тікелей құрылыс алаңында немесе арнайы жерде қалдықтардың басқа түрлерінен міндетті түрде бөлінуге жатады.

Құрылыс компанияларының бәрі экологиялық заңнама талаптарын бұзбау үшін алаңның сенімгерімен тікелей шарт жасай алады.

Өзге қоспалардан бөлінген таза құрылыс қалдықта-

ішінде құрылыс қоқыстарын 250 келіге дейінгі алаңға тегін тапсыра алады.

Құрылыс қалдықтарын қабылдау және қайта өңдеу бойынша санкцияланған алаң Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Алаш тасжолы (Астана-Павлодар тасжолы) мекенжайында, ҚТҚ қалалық полигонына қарама-қарсы орналасқан.

Байланыс телефондары: 8 708 425 65 68, 8 (7172) 25-65-68, info@astanard.kz.

Бетті дайындаған Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ





## ҚАРЖЫ АХУАЛЫ ҚАНДАЙ?

Танатар  
ТӨЛЕУФАЛИЕВ

### ТЕҢГЕ ТЕҢСЕЛІП ТҮР

Өткен 2022 жылдың соңына таман бір АҚШ доллары 500 теңгеге жетуі мүмкін деген қауесет тарап еді. Абырой болғанда, ол болжам расталмады. Жалпы алғанда, тарих қойнауына еніп кеткен сиыр жылы қаржы нарығында біраз дүрбелең туғызғанын жасыруға болмайды. Көктемде америкалық «көк қағаз» бірден 520 теңгеге шапшып шыға келді. Рас, көп кешікпей қызу басылғанмен, жыл соңына дейін 460-480 теңге бағамынан айылын жиған жоқ. Алайда сарапшылар мұның өзі теңгенің тұрақтануының белгісі деп үлкен үміт артып отыр.

«Теңгенің осы халіне қуану керек. Қазір бүкіл әлем бойынша қаржы дағдарысының қаупі сейілмей тұр. Соған қарамастан, Қазақстаннан шетке ақша капиталының шығарылуына тосқауыл қойылуы еліміздегі мұнайдан түсетін табыстың бақылауға алынуы теңгенің аз да болса өз бағамын нығайтуына септігін тигізді. Инфляция өткен жылдың қараша айында 19,6 пайыз болды. Ал сарапшылар 2023 жылы ақшаның құнсыздануы 14,3 пайыздан аспауы керек деп отыр. Бірақ биыл да мөлшерлесіміз төмендейді деп үміттеуге негіз жоқ. Қайта 16-дан 17,5 пайызға дейін көтерілуі мүмкін. Мұнайға баға өскенмен, ол экономикаға онша әсер ете қоймайды. Ал Қазақстанның жалпы ішкі өнім көлемі 2023 жылы 2,5-нан 2,8 пайызға дейін өседі деп күтілуде» дейді Esperio қаржы компаниясының сарапшысы Жандар Мұратов.

### РЕТТЕУ ТЕТІКТЕРІ МАРДЫМСЫЗ

Астана қаласында жүргізілген сауалнама тұрғындардың көбі бағаның шарықтап өсуіне қатты алаңдайтынын байқатты. Бұрын ай сайын 8-10 пайыз қосылғанына көз үйреніп кеткенмен, өткен жылдың аяғындағы инфляцияның ресми түрде 20,3 пайызға өсіп, ал халық тұтынатын тауарлар мен азық-түлік бағасының апта сайын көтерілуі көпшіліктің заңды наразылығын туғызып отыр. Статистика бойынша отбасы бюджетінің 54,8-55,7 пайызы тек азық-түлікке кететіні айқындалды. Үкімет

Астана қаласында қырыққа тарта ақша айырбастау орны бар екен. Міне, қазір осы жерде АҚШ доллары бір төмендеп, бір көтеріліп, тұрақсыздық танытып тұр. 2023 жылдың ақпан айымен салыстырғанда наурызда ұлттық валюта 10 теңгеге қымбаттады.

оны ауыздықтауға қанша тырысқанмен, әзірге нақты нәтиже болмай тұр. Ал осы инфляцияны ауыздықтап, бағаны тұрақтандыруға бірден-бір жауапты – Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі.

Банк төрағасы Ғалымжан Пирматовтың айтуынша, 2023 жылдың ақпан айында жылдық инфляция 21,3 пайызға азайыпты. Енді оны одан да төмендету мүмкіндігін қарастыруда. Оған жүргізіліп отырған ақша-кредит саясатының арқасында қол жеткізіліп келеді. Енді сыртқы инфляцияны азайтып, логистика тізбегін мақсатты пайдалана білу керек болып отыр. Дегенмен сарапшылардың бағамдауынша, бағаны ауыздықтамай, мұның бәрі тек сөз жүзінде айтылып қала беретін құр уәде болайын деп тұр.

«Бұл тұрғыда Ұлттық банкке айтылар сын да көп, қойылар сұрақ та аз емес. Соның ең бастысы – нарық экономикасы жағдайында бағаны реттеу мәселесі. Ақшаның құнсыздануына алып келетін басты себеп – нарықта тауар мен қызметтен гөрі артық ақша ағынының құйылуы. Міне, осы жердегі тепе-теңдікті реттеп отыратын – Ұлттық банк. Бірақ осы бірінші деңгейдегі банк қажетті тетіктерді нақты іске қоса алмай келеді» дейді қаржыгер Данияр Әлментәев.

«Біріншіден, Ұлттық банк екінші деңгейлі банктерді кредиттейтін басты банк ретінде база мөлшерлемесін көтеруге жол бермеуі керек. «Өндірісті ұлғайтамыз, нарықты тауармен, қызметпен толықтырамыз» деп екінші деңгейлі банктерге мөлшерлемесі жоғары ақша бере беру неге апарып соқтырғанын көріп отырмыз.

Екіншіден, ақшаның құнсыздануын тежеу тетігі бар екенін естен шығармаған жөн. Дәлірек айтсақ, ол – кредит белсенділігін азайту, екінші деңгейлі банктердің активтерін шегере тұру. Түптеп келгенде, ол коммерциялық банктердің бас

банктегі қаржы-қаражатын тоқтата тұрып немесе бағалы қағаздарын сату арқылы жүзеге асырылады. Міне, осындай автомобильдің газы мен тежегіші сияқты қос басқышты сауатты реттеп отырмаса, ақша қаражаты ағынын тоқтату өте қиынға соғады.

Қазір біздегі өндіріске дем беретін монетарлық реттеу тетігі іске қосылмай қалды. Тек қосымша тетіктер ғана болар-болмас жұмыс істеп тұр. Неге десеңіз, Қазақстанның Ұлттық банкі өзінің кредиттік әлеуетін қолымен байлап тастап, бас ұлттық кредитордан бас ұлттық қаржы берушіге айналып бара жатыр. Мәселен, 2022 жылдың 30 желтоқсанындағы мәлімет бойынша Ұлттық банк теңгерімінде 3,75 триллион теңге болды. Одан өзінің 2,2 триллион қарызық міндеттемесін алып тастасаңыз, қалғаны – коммерциялық банктердің депозиттері мен есепшоттарындағы ақша қаражаты. Міне, осы жерде көтеріңкі базалық мөлшерлеме жұмыс істей бастайды. Содан келіп Ұлттық банк екінші деңгейлі банк кредиторларына жасанды «кірістерін» төлей бастайды. Ол дегеніңіз – ешқандай өнім өндімей-ақ жылына 600-700 миллиард теңге табыс табу деген сөз. Коммерциялық банктер пайдаланған бұл миллиардтар тұтынушылық кредиттер немесе тұтынушылық нарықтағы ақша айналымы болып, Қазақстандағы бағаның өсуіне алып келіп жатыр. Осы тұрғыда Ұлттық банкке тізгінді қолға алатын кез келді» дейді қаржыгер-сарапшы.

### ЦИФРЛЫ ТЕҢГЕ

Қазір елімізде түйткілді тұтынушы кредитінің көлемі бес жүз миллиард теңгеден асып кетті. Адамдар оны төлей алмағандықтан жаңадан несие алып, бұрынғы қарызын жабуға мәжбүр болып отыр. Esperio компаниясының қаржы сарапшысы Нұрбек Ысқақовтың айтуынша, еліміздегі Ұлттық банктің тап

осындай ұстанып отырған қаржы саясаты тұрғанда бұған онша таңғалудың реті жоқ екен. Тұтынушы несие беру – бұл капитализмнің негізін қалаушы мүмкіндіктің бірі. Мұндай жағдайда кредит немесе макроэкономикалық циклдің инфляцияға әсері үлкен болатынын, соның арқасында пайыз мөлшерлемесі өсетіні – заңдылық. Ал бұл қарыз алушы бұқараның қалтасына өте ауыр тиетіні сөзсіз. Содан келіп дағдарыс туындады. Сондықтан да Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жыл басында еліміздегі әлеуметтік-экономикалық жағдайға қатысты «Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы» заң қабылдау қажеттігін айтты. Көп кешікпей ол заң да дайын болды. Алайда көпшілік асыға күткен бұл құжат мәселені түпкілікті шешпеді.

Тек наурыздың 3-і мен 13-і аралығында өзін соттан тыс банкрот деп тану үшін 13 мың адам өтініш беріпті. Бірақ олардың мойнындағы банктің алдындағы қарызы таяу жылдарда алынбайтын болды. Тек уақыттың ағымына қарай өтеу мерзімі ұзарып, кей жағдайда жеңілдейді.

Кейінгі кезде елімізде АҚШ доллары он-он бес теңгеге арзандады дедік. «Бірақ бұл уақытша құбылыс. Үкімет пен Ұлттық банк бағаны тұрақтандыру үшін мүмкіндіктерді қарастыруда. Соның арқасында ақшаның құнсыздануы өткен жылға қарағанда аз да болса бәсеңдеді. Быыл экономиканың өсімін мұнай бағасы айқындайды» дейді экономист Жасұлан Ерболат.

Ал сонда бұл инфляцияны ауыздықтаудың жолы қайсы? «Қазір Ұлттық банк бюджетті цифрлы теңгеге көшіруді ұсынып отыр. Егер жоба жүзеге асса, Қазақстан әлемде өз валютасын сандық негізге көшірген алғашқы елдің бірі боп қалмақшы. Бұл қағаз ақша жойылып кетеді деген сөз емес. Ол қатар қолданылады. Алайда елдегі ақша тасқынын тежеу үшін осындай киберформатқа барудан басқа жол қалмай тұрғандай» дейді экономист.

«Цифрлы теңге – бұл Қазақстандағы ақшаның жаңа түрі. Оны енгізу, ұлттық төлем қабілеті жүйесін дамытумен қатар, теңгенің нығаюына да септігін тигізуі мүмкін» дейді сарапшы мамандар. Оны іске қосу – қаржыгерлер мен Ұлттық банк мамандарының терең, жан-жақты ойласатын мәселесі. Оған біз дағды уақытта тоқталамыз.

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТҮЙЫЛМАЙ ТҮР

Биылғы қаңтар-ақпан айларында республикада 438 сыбайлас жемқорлық қылмыс тіркелді. Бұл өткен жылдың салыстырмалы уақытына қарағанда 0,7 пайызға артық көрсеткіш деп жарияланды finprom.kz порталында.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстардың басым бөлігі Алматы мен Астанада әрқайсысында 51 жағдайдан тіркелген.

Антилидерлер қатарында Қостанай (40 жағдай) және Түркістан (37 жағдай) облыстары, Шымкент (36 жағдай) қаласы бар.

Сектордағы қылмыстардың ең аз саны Шығыс Қазақстан, Абай және Ұлытау облыстарында байқалған.


Сыбайлас жемқорлық қылмыстардың 37,4%-ы пара берумен байланысты болды. Жыл басынан бері 164 жағдай тіркелді. Бұл өткен жылғы көрсеткішке қарағанда 45,1%-ға артық.

Бұдан басқа пара алу (141 жағдай), сыбайлас жемқорлық саласындағы алаяқтық (39 жағдай), сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемдену немесе жымқыру (24 жағдай) және

парақорлыққа делдал болу (22 жағдай) жағдайлары да бар.

Күдікті деп тану туралы қаулы шығарылған адамдардың саны 301-ді құрады. Бұл өткен жылға қарағанда 25,4%-ға көп. Оның ішінде қылмыс жасаған 243 адам анықталып, 159 адамның ісі сотқа берілді.

Ресурстың жазуынша, мемлекеттік органдардың қызметшілері арасында сыбайлас жемқорлық қылмыстарын ішкі істер органдарының қызметкерлері жиі жасаған: 43 адам. Әкімдіктер мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері (26 адам), ІІМ Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті (3 адам), Қаржы мониторингі агенттігі (3 адам), Денсаулық сақтау министрлігі (3 адам) және ИИДМ (3 адам) қызметкерлері де бар.



## ЖАЛҒАН КЕЛІСІМШАРТ ЖАСАСҚАН

Астана қаласының ішкі мемлекеттік аудит департаменті Астана бірлескен музейлер дирекциясының мемлекеттік сатып алудың конкурстық рәсімдерін елемей, жалған шарт жасасқанын анықтады деп хабарлады Elorda.info.

Астана қаласының ішкі мемлекеттік аудит департаменті аудиторлық шара кезінде «Астана бірлескен музейлер дирекциясы» мемлекеттік коммуналдық қазынашылық кәсіпорнында мемлекеттік сатып алу конкурсын өткізген кезде 9,5 млн теңгеге макеттерді әзірлеу және реставрациялау жөнінде жалған келісімшарт жасалғанын анықтады.

Жалған тапсырыс орындаушының мәліметі бойынша өзі мұндай келісімшарттың бекітілгенін хабарсыз да болған және облыстардың шалғай елді мекендерінде тұрып жатқаны мәселе туындатып отыр. Тіпті олардың кейбірі айтарлықтай егде жаста. «Бюджет кодексінің талаптары бойынша квазимемлекеттік секторы нысаны ақыл тапсырыстың заңға сәйкестігі мен негізділігіне, жүргізілген операцияның шындыққа сәйкестігіне жауап береді. Материалдар Қаржы мониторингі агенттігі Астана қаласының экономикалық тергеу департаментіне процессуалдық шешім шығару үшін жолданды» делінген ведомствоның мәліметінде.

Аудит жасаушылар осыған ұқсас бірнеше келісімшартты тексеріп жатыр.

Сырттай қараған кезде кәсіпорында макеттер бар екені белгілі болды. Бірақ оны кім осынша сапасыз етіп, арзан материалдан әзірлегені белгісіз. Алайда





№36 (4469) 28/03/2023 Сейсенбі

Жазушы Мұхтар Әуезовтің: «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деген ұлағаты жаһанданған әлемде өзектілігін тіпті арттыра түсті. Қазір бала тәрбиесіне бүйрегін бұратын ата-әже азайды. Ал жұмысбасты ата-анада уақыт тапшы. Қазір жасөспірімдердің таным-түсінігінің қалыптасуында YouTube пен TikTok-тың ықпалы зор, оның ішінде шетел анимациясының шырғауы ұлы болып тұр. Мұхаңның сөзін бүгінгі заманның тілімен айтқанда, «Ел боламын десең, анимацияңды түзеге» саяды.

Нұрлат  
БАЙГЕНЖЕ

#### ӘЛЕМ ТӘЖІРИБЕСІ ҚАНДАЙ?

1832 жылы бельгиялық физик Жозеф Плато мультипликация саласына негіз салды. Ол бірнеше сурет жапсырылған дискіні жылдам айналдыру арқылы жүгіріп бара жатқан адам бейнесін жасады. Сол уақыттан бері анимация өнер ретінде қалыптасып, даму жолына түсіп, балалардың өмірді тану құралына айналды. Франция анимациясының зерттеушісі Анн-Мари Гурдонның пікірінше, анимация жеке адамдардың мінез-құлқын өзгертетін күшке ие. Ресей ғалымы Ирина Шульга мультфильмдер балаға ғылыми-ағартушылық, рухани-мәдени тұрғыда әсер етіп, жақсы өмір салтын іздеуде катализатор болатынын дәйектеді. Сондықтан келешегін ойлаған кез келген мемлекет жасөспірімдерін сапалы контентпен қамтамасыз етіп, олардың санасына білім және мәдени құндылықтарды сіңіруге күш салады.

Әлемнің озық елдері – АҚШ, Германия, Франция, Англия, Жапония және Қытай анимация саласына стратегиялық маңыз беріп, миллиардтап қаржы құяды. Шығыс Азия елдері – Корея, Жапония мен Қытай анимациясы ұлттық сипатта дамыса, Еуропа мен АҚШ-та коммерциялық бағытта бизнестің бір құралына айналды. Яғни әлем елдерінің ұстанымына сай анимация жанры әртүрлі болуымен ерекшеленеді. Мәселен, Ресейде балаларға арналған анимациялық фильмдер мен видеосериалдарды идеология құралы ретінде пайдалану жақсы үдеріске айналды. Оның айқын мысалы, 2020 жылы Мәскеу билігі мультипликация саласын субсидиялауға 300 миллион рубль бөліп, анимациясының саны мен сапасын арттыруға мән берді. Соның әсерінен болар, Ресей 2010 жылы 25 мың минутқа жететін мультфильм шығарса, 2020 жылы 55 мың минуттан асырды. Ресей жылына 200 сағат анимациялық өнім ұсына, Қытай 3 мың сағат эфир дайындайды екен. Ресми Пекин анимация саласына ерекше екпін беріп, өздері өндірген анимациясының уақытын 300 мың минутқа жеткізіп, әлемде бірінші орынға шықты.

Біздің балалар жат ел идеологиясының құрбанына айналып, өзінің ұлттық болмысына



# КЕЛЕШЕГІНДІ ОЙЛАСАҢ, АНИМАЦИЯҢДЫ ТҮЗЕ!

жат, санасына сай келмейтін өнімдерді тұтында. Өйткені біздің ел анимация саласында мақтана алмайды.

АҚШ-та анимация индустриясы жаһанды жаулаудың құралы, табысты болудың жолы ретінде қарастырылады. Disney студиясының өзі неге тұрады?! Әлем нарығына толықметражды 200-ден астам өнім шығарған компания кей мемлекеттер тәуекел етпейтін қаржыны шығындайды. Мысалы, «Рапунцель: Запутанная история» толықметражды анимациясына 274 миллион доллар жұмсады. Есесіне Рапунцельден 591 миллион доллар табыс тапты. Disney-дің тағы бір туындысы – «Моана»-ның бюджеті 175 миллион долларды құрайды. Animation DC Universe анимациялық фильмдерінің орташа өндіріс бюджеті 3,5 миллион долларға бағаланады. Одан бөлек, АҚШ-та Pixar Illumination, DreamWorks, Blue Sky Studios студиясының анимация нарығында табысы айтарлықтай.

#### ШЕТЕЛ ЭКСПАНСИЯСЫНА ҚАЛҚАН

Расында, шет елдердің рухани-мәдени экспансиясынан қорғап, ұлттық иммунитетті көтерудің жалғыз жолы – ұлттық анимацияны дамыту. Бүгінгі жасөспірімдер мен жастар ертеңгі болмысымыз, келешегіміздің келбеті десек, алдымызда сапалы мультфильмдерді түсіріп, ұсыну міндеті тұрғанын жақсы түсінеміз.

Мультипликация тақырыбын қозғағанда, «Balaram» телеарнасынан айналып өте алмайтынмыз шыныдақ. Шығармашылық редакторы Әйгерім Балғабаеваның сөзінше, «Balaram» балалардың талап-талғамына сай өнімдерін өндіруге мән береді. 2010 жылдан бері ел көлемінде шыққан отандық мультфильмнің 90 пайызы «Balaram»-ға тиесілі. Арна ашылғалы 131 жобамен толықса, соның 105-і соңғы 5 жылдың үлесіне тиеді.

Анимация 2D векторлық, 3 өлшемді компьютерлік, қозғалыс

графикасы, қуыршақ түрінде жасайтын болса, қазір 3D модельдеуге сұраныс жоғары. 3D графиканы игерген инженер, IT маман Бағлан Төлебай: «Германия, Франция, Англия, Қытай, Жапония, Корея және тағы басқа елдер мультипликацияға ұлттық реңк беріп, оны жаһандануға төтеп берудің жолы ретінде таңдады. Мәселен, жапондықтар жасөспірімдеріне салт-дәстүрі мен мәдениетін мультфильм арқылы үйретсе, АҚШ бұл әдіспен математика, география, физика пәнін оқытуды қолға алып, ағартушылық міндетті қосты. Біздің ел «алдымен – экономика, сосын – саясат» тұжырымын ұстанып, ұлттық мемлекет ұстынын қолдамады. Соның салдарынан тарихтан тағылым алып, тарихи тұлғаларды мемлекеттік деңгейде насихаттауға мүдделі болмады. Егер шет елдердің экспансиясына төтеп беріп, өркениет көшінде ұлт ретінде сақталып қалуды ойласақ, ұлттық анимацияға мемлекеттік деңгейде мән беру керек» деп мультипликацияның маңызын түсіндірді.

Қазір жасөспірімдер шетел анимациясын өзінің төл туындысындай тұтынып, қалың қазақ отырған ауылдағы бесік балаларының тілі не орыс, не ағылшын тілінде шығуда. Бұл – шындық. Өйткені отандық анимацияда тын ой, жаңашыл жаңалық жеткізуі жағы кемшін. Бұрынғы сүрлеумен жүріп, күрделі, философиялы туындылар ұсынады. Балалар мұндай туындыға қызықпайды.

Бұл ойымызды «Сақ» киностудиясының режиссері, белгілі аниматор Батырхан Дәуренбеков қолдап: «Balaram» арнасының мультфильмдері қы-

#### Ғали МЫРЗАШЕВ, Қазақстан аниматорлар қауымдастығының төрағасы:

– Әлемде анимацияға ең минимум бюджет 2 миллион долларды құрайды. Қазақстанда 700 мыңнан 1 миллион долларға жетер-жетпес қаржы бөлінеді. Шығару уақыты да дұрыс белгіленбейді. Нәтижесінде «тоғыз ай толғауы», шекесі торсықтай бала өмірге келеді» деп күткенде, бар болғаны төрт-бес ай уақыт жұмсап, шалажансар дүние туады. Түсірілгеннен кейін көрермен түртүсін танып үлгерместен, мемлекет режиссердің меншігін тартып алып, туындысын сөреге қояды. Сөйтіп бәрі жылы жабылып, тез ұмытылады.

зықсыз, тартымсыз деген пікірді естиміз. Оның себебі – телеарналарда анимацияға қарайтын қаржы көлемі тым аз. Осы себепті кәсіби сценарист пен талантты суретшілерді тарта алмайды, сосын сапалы өнім қайдан шығады? Үкімет анимация са-

ласына көңіл бөлмей, Жаңа Қазақстанды құруы қиын. Өйткені санасы азат, ойы еркін, арманы асқақ, қиялы шексіз жас буынды қалыптастыруда мультипликацияның орны зор, тіпті тәрбие құралы, идеология құруы десе болады» деп жауап берді.

#### БАЛАЛАР НЕНІ ҚАЛАЙДЫ, НЕ КӨРЕДІ?

Қытай анимация қоғамы осы тақырыпта бас қатырып, әлеуметтік сауалнама жүргізеді. Нәтижесінде әзіл-қалжыңы аралас, үнемі қозғалыста болатын, динамикалы, бала тілімен сөйлейтін туындыларға сұраныс жоғары екенін анықтады. Қытай билігі көрілімді дүние дайындауда анимация орталықтарына осындай талапты ескеруді ұсынып, сюжеті мен техникалық сапасын арттыруға мән береді. Міне, біздің аниматорлар да осындай мүддені ескергені абзал.

Батырхан Дәуренбековтің сөзінше, қазіргі балалар тез қозғалатын, 5-6 секундта күлкілі элементі бар, өзінің дүниетанымы мен көзқарасына сай келетін дүниеге қызығады. Мәселен, «Қошқар мен теке» мультфильмінде бұзау қасқырды «абап» деп атаса, бұқа «этэт қыламын» деп бала тілінде сөйлейді. «Қошқар мен текенің» 20 миллион қаралым жинауы – осы себепті.

Ал IT маман Бағлан Төлебай шетелдік компаниялар мультфильм түсіргенде, режиссер, сценарист, суретші, IT маманнан бөлек, идеологтар мен психологтар, керек болған жағдайда, педагогтарды тартатынын айтты. Міне, Еуропа мен АҚШ-тың анимация өнімдерінің тартымды болуының бір сыры – осы.

Рас, шет елдер анимациясының түрлі түсті баяуы қанық, кейіпкері шынайы әрі үнемі белсенді қозғалыста болады. Мұның бәрі IT мүмкіндігін мейлінше мол пайдалануынан көрінеді. Бастысы, Батыстың компаниялары анимациялы өнімдеріне музыкамен үндестік іздеп, оған танымдық элемент қосады.

Отандық анимация компаниялары түсірген мультфильмдердің сапасыз болуын «Balaram» телеарнасының редакторы Әйгерім Балғабаева былай түсіндірді: «Елдегі мультипликация маманын даярлайтын оқу орындары 2D анимациясы бойынша білім береді. Негізі, анимация нарығында 3D формат басымдыққа ие. Біздің мамандар заманауи трендтерді меңгеруде жеке курстарға сүйенеді. Екінші мәселе, сапалы өнім шығаруда отандық студиялардың техникалық базасын жетілдіруге көңіл бөлу керек. Өйткені өнім сапасы техникалық жадықтың жағдайына тікелей тәуелді. Енді балалар не көреді, нені қалайды деген сұраққа келетін болсақ, алдымен эмоционалді интеллектіге сай келетін өнімдер дайындауға мән беру маңызды. Екіншіден, жас көрермендердің денсаулығы мен психологиясына зардап келмеуін қадағалау керек».

Біздің үйдің үлкендері «Көліктер», «Шрек», Кунг-фу панда» және тағы басқасына қызықса, ортаңғы қыздарым YouTube-те «Like Nastya Vlog» каналын жүргізетін Настяның көрермені болды. Сөйтсек, Настя 20 миллионға жуық көрермені арқылы тұрақты табыс табады екен. Қазір кенжеміз қырғыз азаматтарының «Чикки, ча-ча, ля-ля, бум-бум» атты роликтің ағылшын және орыс тіліндегі нұсқасын көреді. Оған басқасы қызық емес.

Шыны керек, шетел мультфильмдерінің көркемдік, мазмұндық ерекшелігі ұлттық болмыс пен мәдениетке сай келмейді. Мәселен, Ресейдің «Маша мен аю» мультфильмінде дамып таппайтын немере атасының мазасын алып, жан-жағын жайпап жүргенін көресіз. Бұл

жағдай орыс халқы үшін қалыпты жағдай болуы мүмкін. Алайда біздің менталитетке сай келе ме? Осы жағын да ескеруіміз керек.

#### ДАМУ ТҮЗЕУ ЖОЛЫ ҚАНДАЙ?

Сала мамандарынан сұрасаңыз, Үкімет қолдау көрсетпегендіктен, қазақ мультфильмдерінің саны мен сапасын арттыру мүмкін болмай тұрғанын алға тартады.

АҚШ-тағы студиялар 1 минут құрайтын анимация түсіруге 2-10 мың доллар, тіпті кей жағдайда минуттына 100 мың долларға дейін жұмсайды. Қазақстандағы анимация компаниялары мұндай көлемдегі қаржыны шығындауға әлеуеті жетпейді, ал Үкімет болса сапалы контент дайындауға мойын бұрар емес.

Қазақстан техникалық жағынан Disney, PIXAR және Қытайдың аниме компанияларынан 40-50 жыл артта қалды деген пікір де бар. Ресми Пекин анимация саласын дамытуда мемлекет пен жекеменшік қатынасты тең ұстайды. Ондағы анимация комитеті нарықты бақылап, конкурс өткізіп, тақырыпты белгілейді. Нәтижесінде сұранысқа сай мультфильмді түсіру жолға қойылды. Ресей Қытай тәжірибесін қабылдап, «Смешарики», «Маша мен аю» сияқты сәтті жобаларды жүзеге асырғанын айтуымыз керек-ақ.

Парламент Сенатының депутаты Руслан Рүстемов:

– Мәдениет және спорт министрлігі мен Оқу-ағарту министрлігі бірігіп, отандық анимацияны дамытуда концепция дайындауы керек. Оныс саланы қарқынды дамыту мүмкін емес. Ол үшін жоғарыда аталған қос министрлік «Кинематография туралы» заңда анимациялық фильм дайындауға қойылған талапты қайта қарап, Мәдениет және спорт министрлігінің басқару иерархиясында «Анимация өнері» құрылымын енгізу аса маңызды.

Екіншіден, зияткерлік еңбекке құнды мүлік ретінде қарап, олардың өндірген өнімінің нарықта бағалануын қамтамасыз етіп, Ресейдегі «Союзмультфильм» секілі дербес Ұлттық анимация орталығын ашқан жөн деп ойлаймын.

Үшіншіден, АСИФА-ға (Халықаралық анимациялық фильмдер қауымдастығы) мүше болып, тұралап қалған анимация өнерін халықаралық ұйым арқылы қаржыландыруды жолға қойып, ұлттық байқауларды жүйелеу керек, – деді.

Қазақстанда өте нәзік әрі күрделі анимацияның тағдырын теңдерге байлап, бөлінген қаржыны жұлмалап, сосын туынды шығаруға төрт-бес ай уақыт береді, аяғында сапасыз туынды шығады. Қытайдың тәжірибесіне қарасақ, режиссер Ван Чуань өндіріс құны 13,5 миллион және прокат бюджеті 20 миллион доллар болатын «Квибаның жүз мың шұғыл ісі» анимациясын алты жыл дайындаған екен.

**P.S:** Қазақстанда 10 жыл бұрын анимация өндірумен айналысатын 1-2 студия болса, қазір олардың саны 20-дан асады. Олардың қатарында «Сақ», «Dala Animation», «Rio Production», «Astana film», «Anyz film», «77 ideas», «ASD production», «ALEM Animation», «New Media Studio», «Qazart media», «ARA Studios» және тағы басқа анимация компанияларының тәжірибесі мол. Демек, Үкімет тарапынан сапалы контент жасауға ниет болса, маманданған анимация компаниялары табылады.





Сұлтан СЕЙІТ

## ЖАТАҒАН ҮЙЛЕР ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫН КІМ ОЙЛАЙДЫ?

Халқымыз ежелден денсаулыққа айрықша мән беріп, оны бірінші орынға қойған. «Бірінші байлық – денсаулық» деп бекер айтпаған. Сондықтан елімізде денсаулық сақтау саласын мемлекет тарапынан қайта дамытуға айрықша көңіл бөліне бастағаны бәрімізді қуантады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылғы Жолдауында денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыруға ерекше назар аударды. Бұл ретте Президент тапсырмасын орындау мақсатында Қазақстан Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы қаулысымен «Дені сау ұлт» атты мемлекеттік ұлттық бағдарлама бекітіліп, жүзеге асырылуда. Осы бағдарламада жұқпалы туберкулез ауруының алдын алуға ерекше назар аударылған.

**К**азіргі күнде Қазақстанда туберкулезге шалдығу 100 мың тұрғынға шаққанда 52 оқиғаны құрайды. Бұл осыдан 10 жыл бұрынғы дерекпен салыстырғанда 2,4 есеге төмен. Соңғы 10 жылда, яғни 2008 жылдан бері өлім-жітім де 5,6 есеге төмендеді. 2017 жылы 100 мың тұрғынға шаққанда 3 оқиға ғана болды. Өткен жылы республика бойынша туберкулезге шалдыққандардың саны 8 мың адамнан сәл ғана асты. Егер соңғы 10 жылдың динамикасын алып қарайтын болсақ, онда науқастардың жалпы саны да 2 есе азайып отыр. Қазақстан туберкулезден емдеу, диагностикалау, алдын алу сынды барлық емшараға жұмсалатын ақша бюджет қаражаты есебінен өтеп отырған елдердің қатарына жатады. Сондықтан да елімізде туберкулезден емдеудің әлемдегі барлық алдыңғы технологиялары қолданылады.

Астанада туберкулезге шалдыққан науқастар саны жыл сайын азайып келеді. Елордада бұл көрсеткіш 100 мың тұрғынға 2,9 адамнан ғана келеді. Өкінішке қарай,



елордада туберкулез ауруының ошағына айналған жер бар екенін біреу білсе, біреу біле бермейді. Бас қаламызда бұдан 60-70 жыл бұрын, яғни 1954 жылы саман кірпіштен салынған жер үйлерде халық әлі күнге дейін тұрып жатыр. Осындай 100-ден астам жатаған үйлердің мұржасынан будақтаған қара түтін ауаны лақтауда. Мұны көріп баяғыдағы қырда жатқан қазақ ауылы еске түседі. Мысалы, бір ғана Байқоңыр ауданына қарайтын «Жасыбай» қонақ үйінің артындағы Михаил Ломоносов көшесінде тұратын халықтың жағдайы өте ауыр. Бәрі сол тозығы жеткен ескі

үйін паналап отыр. Қазір қареріген соң, үй қабырғалары ылғалданады. Адам тұру мүмкін болмай қалады. Бұл ауданда соңғы екі жылда туберкулез бен рактан, көкірек ауруынан 30-40 адам қайтыс болған. Тұрмыстық жағдай нашар болған соң, адамдар өліп жатыр. Оның үстіне осы көшелерден жоғарғы көрнеулі 10 мың киловаттық (высоковольт) электр бағаналары өтеді. Осыдан он жыл бұрын арнайы комиссия электр бағаналардың астында баспаналардың болуы адам өміріне қауіп төндіретінін айтқан болатын. Күні-түні ызылдап тұратын темір бағанадағы сымдар ажал отын

шашуда. Үйлер соның астында болғандықтан, адамдардың қан қысымы жоғары. Әсіресе жас балалар туберкулезбен емдеу диспансерінде есепте тұрады. Үйлерде су жоқ, дәретхана далада. Үлкен де, жас та күрк-күрк жөтеледі. Жаз болса қоқыс төгетін жер сасиды. Күрт-құмырсқа, көртұшқан қаптайды. Міне, осындай келеңсіз жағдайдан әзірше арлы мүмкін болмай тұр.

Осы көшелерде, негізінен, ежелгі ақмолалық қазақтар тұрады. Әсіресе бұл маңайда балалар ойнайтын алаң, балабақша, мектеп жоқ. Қоғамдық көлік жүрмейді. Тұрғындар үйін жаңартып қайта салайын десе, әкімшілік рұқсат бермейді. Бұзақылық пен қылмыс жасау, арақ ішу, кісі өлтіру және баспанасыздардың жоқсы жүруін осы төңіректен көресіз. Оны полиция қызметкерлері өте жақсы біледі. Биыл осы аудандағы Күлтегін көшесінен жол өтетін болғандықтан, ескі үйлерді ысыру үшін республикалық бюджеттен 13 миллиард теңге бөлінді. Бірақ өзге көше тұрғындары сол баяғы тасада ескерусіз қалып отыр. Мен кезінде Астана қаласы мәслихатының депутаты болғанымда осы проблеманы бірнеше рет көтерген едім. Сонда бұл жерге инвесторлар тартылып, көпқабатты үйлер салу жоспарланған болатын.

Бұл көше тұрғындары 25 жылдан бері осындай мүшкіл халді бастан кешіруде. Қалалық Қоғамдық кеңес пен бұрынғы мәслихат депутаттары бұл мәселеден қашан-ақ хабардар. Бас қаламызда осындай келеңсіз жағдай жуық арада шешімін табады дегенге тұрғындар сенуден қалған сияқты. Халық қалаулысы боламыз деп күні-түні өзін жарнамалап жүрген депутатқа үміткерлер де бұл көшеге ат ізін салмапты.

«Үй болмай, күй болмайды» дегендей, тозығы жеткен баспана адам денсаулығына қауіп төндіріп отырғаны – шындық. Адамның денсаулығы – қоғам байлығы. Халқымыздың тіршілігі мен бірлігі, жарқын келешегі көп ретте денсаулық мәдениетінің жоғары болуына қатысты емес пе, сондықтан елорда басшылары жұқпалы туберкулез ауруының ошағы болып отырған бұл көшелердегі тұрғындардың мүшкіл жағдайына назар аударады деген үміттеміз.

Мағжан САДЫХАНОВ,  
журналист




### ҚҰРМЕТТІ ЕРМЕК ҚАТПАНҰЛЫ ТҰРЛЫБАЕВ!

Сізді бүгінгі мерейлі 80 жылдық жаңа көктемімізбен барша елордалық ардагерлердің атынан құттықтаймыз! Сіз әр кез өскелең ұрпаққа үлгісіз. Аға буын қатарының белсенді ретінде «Елорда» халық хорының ән әлемінің күміс дауысы болсаңыз, спорттағы шеберлігіңіз – шахматтан үнемі қалалық қариялар арасындағы жарыстарда біріншіліктің иесі болып жүрсіз.


Үнемі мейірім мен ақ жарқын көңіліңізбен ортаның ірісі, көшбасшысы ретінде сізді ерекше бағалаймыз! Өнегелі шаңырақтың алтын қазығы – ақ жаулықты асыл жарыңыз, боталарыңыздың анасы Қапиза ханыммен ұл-қыз тәрбиелеген, немересін арқалаған, шеберсінің қолынан су ішіп, май жасалаған абыз ақсақал Ермек Қатпанұлы, құда-әжежаттың төрін толтырған асыл жандар, ғұмырлы болыңыздар!

Астана қаласы мен Алматы ауданының Ардагерлер кеңесі



## ТРАМАДОЛ ЕСІРТКІ ДЕП ТАНЫЛДЫ

ҚР Үкіметі трамадолды есірткі құралдарының тізіміне енгізді. Енді бұл препаратты арнайы рұқсаты бар дәріханалар ғана сататын болады.



Үкімет «Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізімін» заңсыз айналымда жүргені анықталған есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды шағын, ірі және аса ірі мөлшерге жатқызу

туралы жиынтық кестені, есірткі, психотроптық заттардың құрылымдық формулаларындағы сутегі, галогендер және (немесе) гидроксильді топтар атомдарын алмастырғыштар тізімін бекіту туралы» №470 қаулыға өзгеріс енгізді» делінген хабарламада.

**2023 жылғы 3-7 сәуір аралығында сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін** (үзіліс уақыты: 13:00-ден 14:00-ге дейін) «Стоматология» оқу-клиникалық орталығы» ЖШС-те Астана қаласы бойынша Сарыарқа, Байқоңыр аудандарында тіркелген азаматтарды тегін тіс емдеу және протездеуге жазу келесі санаттар бойынша жүргізіледі:

- ҮОС ардагерлері және ҮОС-ның мүгедектері, соған теңестірілгендер (Чернобыль, Ауған соғысы ардагерлері);
- Жасы бойынша зейнеткерлер (ер кісілер – 63 жас, әйел кісілер – 61 жас);
- I, II, III топ мүгедектігі бар тұлғалар;
- Көпбалалы аналар (көпбалалы отбасылар, аз қамтылған

азаматтар санатынан (аналар) (АӘК алушылардың қатарынан);

• Мүгедек бала асырап отырған отбасы (ата-анасының біреуіне).

**Жазылу онлайн режимде жүзеге асырылады.** Бұл жазылу форматы халық арасында жұқпалы аурулардың алдын алу шараларын күшейтуге бағытталған.

**Байланыс телефондары:**  
\* Сарыарқа ауданы: 39-79-49, 8 (702) 159-54-33, 8 (702) 159-54-37  
\* Байқоңыр ауданы: 31-05-02, 8 (702) 159-54-31, 8 (702) 159-54-32

**Құжаттар тізімі:**  
\* ҚР жеке куәлігі;  
\* Жасы бойынша зейнеткер куәлігі;  
\* I, II, III топ мүгедектік куәлігі.

«R'n'R Group» ЖШС «Нұр-Сұлтан қаласында нан-тоқаш өнімдерін өндіру зауыты, сүт өңдеу зауыты және көкөніс қоймасы құрамында «R'n'R Group» ЖШС өндірістік кешенін салу. II кезек (нан-тоқаш өнімдерін өндіру зауытын салу)» жобасына ҚОК бөлімін көпшілік талқылау арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда <https://ecorportal.kz/> және «Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/nur-sultan-upr/activities/directions?lang=ru> танысуға болады.

Көпшілік талқылау 04.04.2023 ж. мен 10.04.2023 ж. аралығында бірыңғай экологиялық портал сайтында өтеді.

Барлық ескертүүлер мен ұсыныстар күндер аралығында бірыңғай экологиялық порталда қабылданады. Осы мерзім өткеннен кейін ескертүүлер мен ұсыныстар қабылданбайды.

Бастамашы – «R'n'R Group» ЖШС, ЖСН: 060240015500, Астана қ., Алматы а., Астана-Қарағанды тасжолы, 71/1 ф. тел.: 8-775-434-44-33.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші – «СТРОИИДУСТРИЯ» ЖШС, БСН: 991240015834, Павлодар қ., С.Торайғыров к., 68/2 үй, тел.: 8 (7182) 51-24-86.

Жоспарланған іс-шаралар туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ жоспарланған іс-шараларға қатысты құжаттардың көшірмелерін [too.si@mail.ru](mailto:too.si@mail.ru) электрондық поштасы және 8 (7182) 51-24-86, 8-701-758-76-46 телефондары арқылы сұрауға болады.

Табиғи монополия субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларына сәйкес, Астана қаласы, I.Жансүгірұлы көшесі, 7 мекенжайы бойынша орналасқан «Астана-Теплотранзит» АҚ тұтынушыларға және өзге де мүдделі тұлғаларға бекітілген тарифтік сметаның орындалуы, 2022 жылға бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есеп беруді өткізеді.

Тыңдау 2023 жылғы 20 сәуірде сағат 15:00-де Астана қаласы, I.Жансүгірұлы көшесі, 7, «Астана-Теплотранзит» АҚ ғимараты мекенжайында facebook.com әлеуметтік желісіндегі «Астана-Теплотранзит» АҚ-тың ресми парақшасында онлайн форматта өтеді.

Астана қалалық және Алматы аудандық Ардагерлер кеңестері Екінші дүниежүзілік соғыс ардагері

**Утун Мұқанұлы Мұстафиннің** қайтыс болуына байланысты туған-туыстарына қайғырып, көңіл айтады.



## ШЫРАҒЫҢ СӨНБЕСІН...

27 – наурыз Халықаралық театр күні. Бұл күнде дүние жүзінің барша театр ұжымы, өнер қайраткерлері кәсіби мерекесін атап өтеді. 24-25 наурыз күндері ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұрлан Оразалиннің «Шырақ» лирикалық драмасының премьерасы өтті. Бұл – театр актері Шыңғыс Жақыпбайдың алғашқы лабораториялық жұмысы. «Жастар» театры жас режиссердің қолынан шыққан тың дүниемен театр шымалдығын түрді.

Гүлшат  
САПАРҚЫЗЫ

Жас отбасының басынан күтпеген оқиға өтті. Бас кейіпкер Сағын жұмысында жеткен жетістігін тойлап жүргенде, қарбаласта жары Нұргүлдің туған күні есінен шығып кетеді. Онымен қоса, оның адалдығына күмән келтіріп, көңіліне кірбің түсіреді. Жұбайына ренжіген жас келіншек ойда жоқта Таңат есімді бозбаламен кездесіп, арты ертегідей бір әсем кешке ұласады. Тазалық пен сұлулықты өмірлік серік еткен Таңаттың мөлдір ойы арқылы оқиға өрбіп, соңында махаббат дейтін киелі ұғым өз биігінде салтанат құрады.

Өміріміздің маңызды бөлшегі – отбасылық сыйластықты қалай сақтап қалмақ керек? Сенім мен күдік тайтасқа түскенде, тура жолды қалай таппақ керек? Қойылым күлдіре отырып, көрерменді мәңгілік құндылықтардың қадірін түсініп, бағалауға шақырады. Қойылым барысында кейіпкерлердің өзара диалог құрып, тартысты сәттері шырақ жағып, өшірумен сипатталатын шығарма жас режиссердің драматургиядағы ерекше ізденісін көрсетеді. Екі күнде де зал толы халық, аншлағ болды. Пьеса авторы – ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұрлан Оразалиннің қызы Эльмира, балаларымен премьерға қатысты.

«Шырақ» лирикалық драмасының кейіпкерлерін: Нұргүлді Жамал Нұржаубекова ойнаса, Таңатты Асылбек Әйтін сомдады, Сағын болып Аслан



Жанұзақов көрінсе, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Ғани Құлжанов көрші кейіпінде көрінді, ал қала тазалаушы әйелді сомдаған Диана Смағұлова болса, кейіпкер қыз образын Наурыз Сабағатова орындады.

Бұл премьераның басты ерекшелігі музыкалық сүйемелдеуінде деуге болады. Музыкалық жетекші Анель Сиргебаева бастаған музыкамен сүйемелдеушілер – Айсұлтан Жалиев, Ләззат Қуанышова, аспаппен сүйемелдеушілер – Расул Ернәзар, Саида Максумова, Александр Серов спектакльде Мархаба Сәбидің «Үнсіздік», «Жақсы адам», «О немене?», «Марсқа», «Таспай қайтеміз?»

әндері көрерменнің жүрегіне жол тапты, керемет орындауымен есте қалды.

Басты идеясы – махаббатқа адалдық, тазалық, отбасы құндылықтарын дәріптеу, нені қадір тұтып, неден жирену керек дегенге саяды және ол ой үдесінен шығармашылық топ толығымен шықты деп есептейміз.

Лирикалық драма жанрындағы адамның жанжалды әрекеті мен жағдайын бейнелеген қойылым кейіпкерлердің өміріндегі кейбір эпизодтарды, қақтығыстарды бейнелейді және сахналайды. Кейіпкерлер арасындағы диалог арқылы қоғамда жиі кездесетін сәттер, селт еткізер тұстарды шынайы бейнелейді.

15-26 наурыз аралығында Үндістан астанасы – Нью-Дели қаласында шаршы алаңда бокстың үздіктері анықталды.



## ЛӘЗЗАТТЫҢ КЕЗЕКТІ ЖЕҢІСІ

Әлем чемпионатында астаналықтар Римма Волосенко 60 келі салмақта сынға түссе, Ләззат Күнгейбаева 81 келіде жоғары салмақта өнер көрсетті. Біз қос жерлестің жарыс жолын жіті қадағалап отырдық.

Сонымен, Волосенконың алғашқы қарсыласы Азияның екі дүркін чемпионы өзбекстандық Ситора Тұрдыбекова болды. Жекпе-жек тартысты өрбіп, алма-кезек шабуылға ұласты. Римма қарсыласына қарағанда белсенді болып, 4:3 есебімен жеңіске жетті. Келесі айналымда Сербия өкілі Наталья Шадрианы ұтты. Алайда ширек финалда қытайлық Вэнлу Янмен кездесіп, есе жіберіп, жүлдесіз қалды.

Ал Ләззат Күнгейбаева рингте өзіне сенімді болып, қарсыластарынан айласын асырды. Ол жартылай финалда Әзербайжан боксшысы Айнуур Рзаевамен

қолғап түйістіріп, басым түсті. Финалда Марокко өкілі Марди Хадиджамен кездесіп, төрешілердің шешімімен есе жіберді. Сөйтіп, әлем чемпионатының күміс жүлдегері атанды.

Ләззат Күнгейбаева 2014 жылғы Кореяның Чеджу қаласында өткен әлем чемпионатында екінші, 2016 жылы Астана қаласында байрағы көтерілген әлем чемпионатында бірінші орын алған еді.

Нью-Дели рингінде 57 келі салмақта Карина Ибрагимова екінші орын алса, Алуа Балкибекова (48 келіге дейін), Надежда Рябец (66 келіге дейін), Валентина Хальзова (75 келіге дейін) және Фариза Шолтай (81 келіге дейін) үшінші орыннан көрінді. Осылайша Қазақстан ұлттық құрамасы 6 медаль жиынтығымен жалпыкомандалық есепте 8-орынға тұрақтады.

## ҰТЫЛЫП ТҰРЫП, ҰТТЫҚ!

26 наурызда кешкілік «Астана Арена» стадионына асықтық. Ортанқол команда емес, ФИФА рейтингінде 18-орында тұрған Еуропа чемпионы – Дания құрамасымен Қазақстан ұлттық құрамасы 2024 жылғы Еуропа чемпионатының іріктеу сатысында кезекті ойын өткізеді. Әдеттегідей орталық алаңға баратын барлық көшелерде көлік кептелісі жүрісімізді тежеді. Бәрі стадионға бағыт алғаны анық.

Нұрлат  
БАЙГЕНЖЕ

1 сағат 20 минутта стадионға жетіп қуандық-ау, алайда оған кіріп, орнымызға жайғасамыз дегенше тағы жарты сағат уақыт өтті. Не керек, белгіленген 19:00-де ойын басталды. 30 мың адам еркін сыятын «Астана Аренада» ине шаншар орын жоқ. Жанкүйерлердің жалынды қолдауынан жігерленген Қазақстан футболшылары ойынды бастап та кетті.

Ә дегеннен-ақ Дания шабуылды ұдетті. Алаңдағы жанкүйерлер демін ішіне тартып, эмоциясын сабырға басып отыр. Енді ше, Ұлттар лигасында Килиан Мбаппе, Антуан Гризмани, Оливье Жиру сынды әлем футболының жұлдыздарынан құралған Франция құрама командасын екі рет ұтқан Дания осал команда емес. Әлемнің кез келген үздік командасымен деңгейлес, ойыншыларының шеберлігі шыңдалған. Әрі Еуропаның үздік футбол клубтарында өнер

көрсетеді.

Қысқасы, кездесуде даниялық футболшылардың басымдығы байқалып тұрды. Нәтижесінде Расмус Хейлунн 21-минутта біздің қақпашы Давид Лорияның үстінен допты асырып жіберіп, қақпадан саңылау тапса, 36-минутта есептегі басымдықты арттырып, қос голдың авторы атанды.

Екінші кезеңде Қазақстан футболшылары белсенділік байқатып, ширақ қозғалып, ұрымтал сәттерді ұтымды пайдалануға тырысты. Сөйтіп қарсылас команданың қақпасы маңында жиі бой көрсетті. Ойынның 73-минутында даниялық футболшылар өзінің айып алаңында ереже бұзды. Он бір метрлік пенальтиді Бактиер Зайнутдинов сауатты орындап, есеп айырмасын қысқартты.

Ал 86-минутта Асхат Тағыберганның алыстан шірене тепкен добы қақпа торынан табылып, есеп теңесті. Осы сәтте жаңадан бері эмоциясын ішіне сақтап отырған қазақстандық жанкүйерлердің дауысы алаңда жаңғырып, құлақты жарып жіберердей әсер



Магомед АДИЕВ,  
Қазақстан ұлттық  
құрамасының бас бапкері:

– Ойыншылармен әңгімелесіп, жауапкершілікті өз мойныма алатынымды, жігіттерге тек ойнау керекін түсіндірдім. Даниямен кездесуде бірінші кезең біз ойлағандай болған жоқ. Екі голдың соғылуы қателік салдарынан болды. Екінші кезеңде ойыншылардың бір-бірін түсінуі қалыпқа келе бастады. Оны оңтайлы пайдалана алдық.

етті. Теңіздің толқынындай тулаған жанкүйерлер бір отырып, бір тұрып, стадионда мерекелік көңіл күй орнатты. Қызықтың көкесі алда екен. Арада үш минут өткенде, яғни 89-минутта әуелеп келген допты Абат Айымбетов баспен қақпаға енгізді. «Астана Аренаға» жиналған көрермендердің қуанышында шек жоқ. Бірі жылап, екіншісі қуанып жатыр. Бұл эмоцияны сөзбен айтып жеткізу қиын...

Осылайша, Қазақстан қарсыласынан 3:2 есебімен басым

түсіп, сенсация жасады. Екі команда бұған дейін төрт мәрте кездескен-ді. Оның барлығында даниялық футболшылар жеңіске жетті. Бұл жолы қазақстандық құрама сол кеткен есені қайтарды.

Енді Қазақстан алдағы ойынның 16 маусымда сырт алаңда Сан-Мариноға қарсы өткізеді.

Айта кетейік, Қазақстан құрама командасы «Н» тобында Сан-Марино, Солтүстік Ирландия, Финляндия, Словения құрамасымен ойнайды.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор –  
Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор –  
Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың  
орынбасары –  
Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды  
сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №36

Баспаханасы: Астана қаласы,  
Бейбітшілік көшесі, 8, 5-кеңсе  
«КОМЕК ИНВ» ЖШС

Редакция мекенжайы:  
010000, Астана қаласы,  
Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі:  
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81  
Тілшілер бөлімі: 42-41-03  
Жарнама: 42-43-52  
Va-teklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Гүлшат САПАРҚЫЗЫ